

Сабақтың тақырыбы: Бәйтерек

Мақсаты:Білімділік: Отанымыздың бас қаласы Астана туралы түсініктерін жетілдіру. Жаңадан бой көтерген әсем «Бәйтерек-Астана» монументі туралы түсінік қалыптастыру.

Дамытушылық: Білім алушылардың қисынды ойлау қабілеттерін дамыту. Есте сақтау, көру қабілеттерін шыңдау. Ауызекі сөйлеу тілдерін, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорларын байыту. Айтылым, жазылым, сөйлеу барысында өтілген сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.

Тәрбиелік: Астанадағы жаңадан бой көтерген монументке таңдану мен мақтаньш сезімдерін туғыза отырып,Отанын сүюге баулу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта ,/слайд-шоу/ ,маркер, стикер,

Сабақтың түрі: жаңа сабақ

Әдісі: сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтері.

Пәнаралық байланыс: музыка, тарих, география

Сабақтың барысы:

I.Ұйымдастыру кезеңі-Сәлеметсіңдерме, балалар! : Балалар үш тілде амандасады.

А)-Бүгін нешесі?

-Аптаның қай күні?

-Қазір қай сабақ?

-Қазақ тілі нешінші сабақ?

-Қазақ тілі сабағында қай тілде сөйлесеміз?

-Жылдың қай мезгілі?

-Қыс айларын атаңдар?

-Қыс мерекелерін естеріңе түсіріндер ?

-Бүгін ауа-райы қандай?

Ә) **Психологиялық тренинг:** Есімдер жаттығуы. Мақсаты: тренинг қатысушыларды бір-бірімен жақындастыру, жағымды қарым-қатынастықты туғызу.

Нұсқау: Қатысушылар таңдап алған қағаздардағы өзге есімдерін айтады және оларды бейнелейтін 3 сын есім айтады.(қазақша, орысша, ағылшынша)

Б) **Топқа бөлу.** Сурет арқылы екі топқа бөлінеді.

II. Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын ашу.

1. Бас қаласы Астана деп аталатын ел, қай ел?

2. 1 желтоқсанда қандай мереке тойланды?
3. Астана күні қашан тойланады?
4. Сен Қазақстанның ірі қалаларын білесің бе?
5. Астана қандай қала?
6. Астана қаласының символы не?

-БӘЙТЕРЕК. Олай болса, бүгінгі сабағымыз Тәуелсіздігімізді, егемендігімізді көрсететін еліміздің бас қаласы Астана қаласында бой көтерген «Бәйтерек монументі» туралы болмақ.

-Жақсы! Ал біздің сабағымыздың мақсаты не болмақ? Мына етістіктерді қолданып бүгінгі сабақтың мақсатын анықтайық: **үйренеміз, білеміз, құрастырамыз.**

- Жаңа сөздерді үйренеміз

-Бәйтерек туралы білеміз

-Сұрақтарға жауап береміз

-Сөйлемдер құрастырамыз

-Өте жақсы, дұрыс айтасыңдар!

III. Жаңа сабақ.

Оқулықты ашып, дәптерімізге бүгінгі күнді жазайық.

Сендерге бағалау парағын таратып беремін. Топ басшылары жазып толтырып отырасыңдар. Сабақтың аяғында өз топтарындағы балаларды бағалайсыңдар!

Сөздікпен жұмыс. Кәне бәріміз бірге жаңа сөздерді оқып танысайық! Хормен, жеке, Осы сөздердің аудармасын кім оқиды? Қазақша – Елизавета, орысша Арина оқиды. Тағы бір рет бәріміз бірге оқып, есте сақтайық.

Осы сөздермен сөз тіркестерін, сөйлем құрастырайық.

1-тапсырма. Сұхбатты рольдерге бөліп оқиды. Қалғандарын не туралы сұхбаттасқанын айтып кетесіңдер? Жақсы ма?

- Екі оқушы диалогты оқиды.

-Ал, сендер не түсіндіңдер?

-Оқушылар өз түсінгендерін айтады.

2-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. «БӘЙТЕРЕК.»

Оқушылар мәтінді өздері оқып, аударды.

3-тапсырма. «Қабырға сұрақтары « деп аталады.

Мәтін бойынша әр топ сұрақтар құрастырып, оны стикерге жазып, екінші топқа табыстайды. Топ мүшелері сұрақты оқып жауап береді.

Сұрақты дұрыс құрғаны үшін, жауап бергені үшін балл есептеледі.

IV. СЕРГІТУ КЕЗЕҢІ: Музыкамен би қозғалыстары

V. Оқулықпен жұмыс.

4-тапсырма. ДҰРЫС, БҰРЫСЫН АНЫҚТА:

1. Бәйтерек қарлығаш құсы туралы аңызды білдіреді.
2. Оның биіктігі -97 метр
3. Шардың ішінде 300 тонна су бар
4. Келушілер Елбасының алақанының ізіне қолдарын қояды.
5. Тілегін айтады.
6. Бәйтеректі қоршаған алаңға кілем төселген.

5-тапсырма. Сөйлем құру. Әр топқа екі сөйлемнен беріледі.

1. маған, ұнады, «Бәйтерек», монументі, қатты.
2. болашағы, зор, Астананың
3. ескерткіштері, бар, билердің, Астанада
4. аясында, Бәйтеректің, шар, алтын, бар.

V. БЕКІТУ. ПОСТЕР ҚҰРУ.

Бәйтерек туралы әр топ өз түсінгендерін жазады. Қорғайды.

Бағалау критерийлері: Мазмұны (6-7 сөйлем)-5 балл

Көркемдігі-2 балл

Қорғауы(3 стикер)-3 балл

Барлығы-10 балл

ҮІ.Сабақты қорытындылау. Балалар бүгінгі сабақта не білдік?
Жалғастыр

БӘЙТЕРЕК.....

БӘЙТЕРЕК..... .

ҮІІ.Бағалау. Әр топ жетекшілері топ жұмысын бағалайды..

«Бағдаршам» әдісі арқылы сұрау
Сабақта барлығы түсінікті болды ма?

Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орындаған болсаң, жасыл түсті **кемпірқосаққа** жапсырамыз;
Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң, сары түсті **бауырсаққа** жапсырамыз;
Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып, мұғалімнің көмегі қажет болса, қызыл түсті **машинаға** жапсырамыз

Осы Астана қаласында кемпірқосақ көпірі бар, егер сол жерден өтіп бара жатып тілек тілесек, сол тілегіміз орындалады дейді, біз де ойша тілек тілеп, бармағандарымыз баруға жазсын дейік.

ҮІ. Рефлексия.

-Бәйтеректің дәстүрін бұзбай сендер де бүгін сабақта өз тілектерінді стикерге жазып мына алақанға ілесіндер!-Балалар тілектерін жазады.

ҮІІ. Үй тапсырмасы: «Самұрық құс» туралы мәлімет табыңдар.
«Бәйтерек» сөзіне фонетикалық талдау жаса, осы сөзді септеу.